



«Бекітемін»:

Бижанова

Мектеп директоры: Бижанова Н.К.

2021 жыл

**Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебінің
2021-2022 оқу жылына арналған психологтың
қабілетті балалармен жылдық
жұмыс жоспары.**

Дайындаған педагог-психолог:

Нурсултанова А.Ш.

Түсінік хат

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген Абай. Ұлы ақын сөзі еш уақытта өз мәнін жойған емес. Онық ойлы білімдар адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Ойлау, ідену-табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті.

Қабілетті, жас талантты жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Бізге керекті – шын дарындар. Нарық қол-аяғымызда қалай қыспақпен мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарлапбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті», – деп еліміздің болашағы жастарға үлкен мән берген.

Сонымен, қабілетті дегеніміз – адамзат баласының басқаларға қарағанда ерекше ойлау, таллау, еске сақтау қабілеті бар шығармашылық пен табысты жұмыс істейтін еңбеккер адамдарда /оқушыларда/ кездесетін қасиетті айтамыз.

Мақсаты:

Жан жақты білімді, іскер өндік ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, дені сау, барында қабілетті жанды қалыптастыру. Бала дарыанының ашылуын өз қабілетіне сәйкестендіре дамыту, жетілдіру. Қабілетті балалармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін жетілдіру.
- Шәкірттердің шығармашылық жеке дарындылығын дамыту.
- Қабілетті оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету.

Қабілеттілікті анықтаудың мынадай параметрлері бар.

- Оқушының тапымдық /білім/ іс-әрекетінің басқа оқушылардан озық дамуы
- Психологиялық жоғары дамуы
- Дені сау, жан-жақты толық дамуы
- Ойлау қабілетінің озық болуы
- Айналадағы құбылыстарды не басқа процесстерді етене жақын түсінуі
- Туа бітті шығармашылық қабілеттің

Қабілеттіліктің түрлері

- Интеллектуалды
- Академиялы
- Шығармашылық
- Кәсіптік /дидер/
- Көркем орындаушылық

Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы қабілетті оқушылармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Орындалатын жұмыс түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	Қабілетті оқушылардың жеке даму бағдарламасын жасау	Диагностикалар жүргізу, пән мұғалімдерімен байланыста болу 1-8 класс оқушылары	Қыркүйек	Психолог Класс жетекші
2	Орта және жоғарғы сынып оқушыларының ерекше қасиеттерін іріктеу	5-8 класс оқушылары сауалнама	Қазан	Психолог Класс жетекші
3	Психологиялық тест, оқушылардың танымдық, мотивациялық бағыттарының даму деңгейін, оқушылардың қабілеттілік дәрежесін анықтау	Тренинг жаттығулары, тест 1-8 класс оқушылары	Қазан-қараша	Психолог
4	Қабілетті балаларды бейініне қарай пәндік олимпиадаға қатыстыру	Психотренингтер, сұрақ-жауап Бастауыш класс оқушылары	Желтоқсан	Психолог
5	Логикалық ойындар арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту	Тренинг жаттығулар	Желтоқсан	Психолог
6	Қабілетті оқушылардың ата-аналарының жеке диагностикасы	Ата -аналармен сауалнама	Үнемі	Психолог
7	Олимпиадаға қатыстыру	Сауалнама жүргізу. Дөнгелек	Қаңтар	Психолог Класс

	туралы мәлімет. Психо/к қал-ахуалын анықтау.	үстел		жетекші
8	Қабілетті балалармен психологиялық тренингтер	Бастауыш класс оқушылары	Ақпан	Психолог
9	Пәнге деген қызығушылықтарын анықтау диагностикасы.	Психодиагностика	Наурыз	Психолог Класс жетекші
10	Ерекше қабілетті оқушылардың тұлға аралық қарым- қатынастарын анықтау	Сауалнамалар, тесттер	Сәуір- Мамыр	Психолог
11	Қабілетті оқушылармен жүргізілген жұмыстың жылдық қорытындылауы.	Қорытынды	Оқу жылының аяғында	Психолог